



- 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Алматы қаласында Тәуелсіздік ескерткішін орнату туралы» қаулысы жарық көріп, сәулетші Шота Уәлиханов басқаратын авторлар тобы әзірлеген жоба мақұлданды.
- 2001 жылы Алматыда Орталық Азиядағы Penal Reform International (Халықаралық түрме реформасы) өкілдігі тіркелді.
- 2007 жылы Қарағандының бұрынғы Наркомхоз ғимаратына Қазақ КСР еңбек сіңірген шахтері, мемлекет қайраткері Файзолла Серғазинге арналған мемориалдық тақта орнатылды.
- 2009 жылы ҚР Елшілігі Венгриядағы халықаралық Шығыс халықтары фестивалінің құрметті төрағасы болды.
- 2017 жылы елордада ҚР Қарулы Күштерінің әскери-тарихи музейінің залында «Алтын адамның» көшірмесі, Жамбыл Жабаевтың домбырасы мен жеке заттары, Балық бидің дулығасы және өзге де ерекше экспонаттар қойылды.
- 2017 жылы әскери журналистердің алғашқы түлектері Абылай хан атындағы Қазақстан халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін бітіріп шықты. Бұрын Қазақстанда ондай мамандық болған жоқ. Әскери журналистерді дайындау үшін 2015 жылы алғаш рет әскери кафедрала студенттер қабылданды. Оқу барысында студенттер экстремалды және әскери журналистиканың, халықаралық гуманитарлық құқық негіздерін меңгеріп, әскери терминология туралы мағлұмат алды.
- 2018 жылы Павлодар облысының Усоль шағын ауданында ұлттық музыка өнерінің көрнекті өкілі, белгілі композитор Майра Шамсутдинованың мүсіні қойылды. Қолында сырнай аспабын ұстаған Майра Шамсутдинованың мүсіні таза қолдан құйылған. Ескерткіштің биіктігі – 3,5 метр, ал салмағы – 270 кг. Туаның авторы белгілі мүсінші Азат Байрлин болды. Ал жобаға тапсырыс берген Павлодардың құрметті азаматы Қуат Есімханов.

- 1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы құрылды.
- 2005 жылы Алматыда Орталық Азиядағы адам құқығын қорғайтын Мұсылман комитетінің бас кеңесшісі ашылды. Комитет мүшелері болып заңгерлер, теологтар және діни қауым өкілдері тіркелді. Ұйымның мақсаты – азаматтардың ұлтына, дініне және саяси тиістілігіне қарамастан құқығын қорғау.
- 2009 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің археологтар экспедициясы Нұра өзенінің ортаңғы ағысының тұсынан сақ дәуірінің жәдігерлерін тапты.
- 2009 жылы Қазақстан құрама командасы 50-Халықаралық математика олимпиадасына қатысу үшін Бремен қаласына (Германия) барды. Халықаралық математика олимпиадасының ұйымдастыру комитетінің қорытынды отырысында 95 елдің өкілдері 2010 жылы 51-Халықаралық математика олимпиадасын ұйымдастырушы ел ретінде Қазақстанды таңдады.
- 2012 жылы Американың Nadine Krakov Collection дүкені eBay электронды аукционда XVII ғасырда Қазақстанда тігілген әлемдегі ең қымбат тақияны сатылымға шығарды. Асыл тастармен әшекейленген көне бас киімінің бастапқы бағасы 15,5 мың доллар ретінде белгіленді.
- 2018 жылы Аршалы ауданы Жібек жолы кентінде 13 гектар аумақта Қазақстан мен ТМД елдерінде теңдесі жоқ бірегей демалыс аймағы ашылды. Табиғаты, ландшафты әсем көпфункционал кешен өзеннің жағасында орналасқан.
- 2019 жылы Семей қаласындағы Желд медициналық жәрдем ауруханасында гибриді хирургиялық операциялар үшін жанадан жоғары технологиялық зал ашылды. Бұл республикадағы жалғыз кешен болып тұр. Бұл гибриді операциялық залдың ерекшелігі сонда, бұнда мәселен, жол апатына түскен науқасқа бірден бірнеше операция түрін жасауға болады. Науқастың жүрегіне және басынағы миына ашық тәсілдермен ота жасауға мүмкіндік толық бар.

## ● ПРЕЗИДЕНТ

# «БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысын өткізді.

Бейнебаиланыс режимінде өткен жиынға Премьер-Министр Асқар Мамин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шара барысында биылғы бірінші жартыжылдықтағы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер анықталатынын айтты.

– Индетке және шектеу шараларына қарамастан, ел экономикасы жарты жыл ішінде 2,2 процентке өсті. Бұл – қуантарлық жайт. Былтыр пандемияның салдарынан ішкі жалпы өнім 2,6% төмендеді. Біз оны тезірек қалпына келтіруіміз керек. Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралармен және карантиндік шектеулермен бірге әлемдік экономиканың жандануы іскерлік белсенділіктің қайта қалпына келуіне септігін тигізді. Біздің міндетіміз – екінші жартыжылдықта экономика өсімінің қарқынын арттыру, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жана штамдардың бітпейтін толқандары коронавирустың біздің өмірімізге мықтап енгенін көрсетеді. Мұндай жағдайларға бейімделіп, өмір сүруді үйрену қажет. Индет таралған ірі ошақтардың пайда болуын азайту және денсаулық сақтау жүйесіне шектен тыс салмақ түсуіне жол бермеу – өзекті міндет.

– Күрделі жағдайлар мен өнім-жітімді азайту, сондай-ақ, ауыр халдегі науқастарды емдеуге баса мән беру керек.

Коронавирусқа қарсы күресте өзгеше әдістерді пайдалану тек медициналық аспектілерге ғана емес, бизнестегі шектеу шараларына да қатысты. Мониторинг жүргізу топтарының жұмысын қайта қарап, Ашық жүйесі сияқты цифрлық шешімдерді белсенді пайдалану қажет. Шағын және орта бизнес қызметкерлерін вакциналау мерзімін науқашылыққа ұрындырмай, шынайы жүргізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент вакциналауға қатысты жалған құжаттар жасау деректеріне назар аударып, оның қоғам үшін өте қауіпті жағдай екенін атап өтті. Сондықтан құқық қорғау органдары осы мәселеге баса назар аударуға тиіс. Мемлекет басшының пікірінше, азаматтарымыз өздерінің және жақын туыстарының денсаулығын ойлап, саналы түрде шешім қабылдауы керек.

– Антиваксерлердің қауесет, даңғазға әңгімелеріне сенудің қажеті жоқ. Сондықтан біз еке салау науқанын жалғастырамыз. Ал, кейбір жекелеген салаларда міндетті түрде вакцина салдыру қажет болады. Бұл үшін заңнамалық та, конституциялық та негіз бар. Тұрасын айтсақ, бұл – әркімнің өз отандастары алдындағы міндеті, парызы, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар үшін қолжетімді вакцинаны, соның ішінде, халықаралық деңгейде мойындалған екенін көлемін ұлғайту қажет екенін айтты.

– Былтыр мен тиісті тапсырма бердім. Бірақ компанияның Қазақстанға бөлген Pfizer вакцинасын жеткізу ісі тоқтап қалды. Қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес, Pfizer компаниясы



Қазақстанға биыл мамыр айында 2 миллион доза вакцина жеткізуді жоспарлаған. Үкімет еке жеткізу ісінің тоқтап қалуын Pfizer қойған бірқатар талаптармен байланыстырады. Бірақ аталған шарттар – вакцина сатып алатын барлық ел үшін бірдей стандарт. Жұрыда жана ұсыныс келіп тұрты. Онда бүкіл іс-қимыл алгоритмі қамтылған. Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа қол қоюы керек дейді. Егер қажет болса, мұны істеуге дайынмын. Үкіметке, Президент Әкімшілігіне қалыптасқан ахуалды тексеріп, біздің нарық үшін қажетті осы екенін жеткізудің келері келтірген лауазымды тұлғаларға қатысты шара қабылдауды тапсырамын. Түптеп келгенде, біз азаматтарымыздың

өздері қалаған екені салдыруына мүмкіндік беріміз қажет. Pfizer вакцинасына қолжетімділік мәселесін қысқа мерзім ішінде шешу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, пандемия білім сапасына кері әсерін тигізді. Сондықтан өткен оқу жылындағы жіберілген кемшіліктердің орнын толтырып, жана оқу жылында көшпен қалып қоймауымыз керек.

– Мұның бірден-бір жолы – оқытудың бұрынғы форматына көшу. Үкіметке жана оқу жылында оқушылар мен студенттердің дәстүрлі оқу жүйесіне оралуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Коронавирустың жана штамдары пайда болып жатқан кезде бұл міндетті орындау оңай емес

проблемаға айналды. Пандемия азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан еліміздің осал тұстарын айқындап берді.

– Отандық ауыл шаруашылығы саласының ішкі нарықты негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ете алмауына қатысты айтылып жатқан сын өте әділ. Өндірістік шығындардан бөлек, маусымдық қымбатшылық пен делдалдық әрекеттердің ашық болмауы баға белгілеудің негізгі факторлары болып табылады. Аты айтып тұрғандай, тасымалға маусымдық болжам жасауға болады. Демек, оны реттеуге де болады деген сөз. Аталған мәселені шешудің жолы – келесі маусымға дейін өнім сақтайтын заманауи әрі қолжетімді инфрақұрылым қалыптастыру. Көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жөнінде бірнеше рет тапсырма берілді. Бірақ жағдай жақсарған жоқ. Бұл проблеманы жүйелі шешу керек. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Осы мақсатты қолдау үшін біздің көптеген бағдарламаларымыздан қаржы бөлініздер, – деді Мемлекет басшысы.

Үкіметке «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұрудың қазіргі тетіктерінің тиімділігін бағалау және жана әрі тиімді шаралар топтамасын ұсыну тапсырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев нарықты өзіне ыңғайлап алатын, өндірушілер мен тұтынушылардың есебінен үстеме пайда табатын жасырын делдалдардың көбеюіне жол бермеу қажеттігін айтты. Оның пікірінше, өңірлерде осындай делдалдық әрекеттерді тергеу-тексеру жөнінде комиссия құру қажет.

## ● САЙЛАУ

# 151 кандидат ұсынылды

Облыс бойынша ауылдық округтер әкімдерін сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар күнтізбелік жоспарына сәйкес кандидаттарды ұсыну 26 маусымда басталып, 9 шілдеде, жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев, облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Болат Накинов айтты.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Облыста 40 ауылдық округ бойынша 151 кандидат ұсынылды. Оның ішінде 53-і саяси партиялардан, 98-і – өзін-өзі ұсығандар.

Саяси партиялар 40 округтің 38-і бойынша өз кандидаттарын ұсынды. Атап айтқанда, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан 7, «Ақжол» Қазақстан демократиялық партиясынан 5, «Nur Otan» партиясынан 32, «Адап» саяси партиясынан 4, Қазақстан халық партиясынан 5 кандидат.

Орташа бәсекелестік 3,8 адамды құрады. Ұсынылған кандидаттардың заңнама талаптарына сәйкестігі анықталуда. Тіркеу жоспарға сәйкес 14 шілде,

жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталады.

«Сайлау туралы» заңға сәйкес кандидаттарды тіркеу туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Кандидаттарды тіркеген соң бесінші күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әрбір кандидаттың теңін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын лауазымын, жұмыс орны мен тұрғылықты жерінің мекен жайын, ұсынылу тәсілін, сондай-ақ кандидаттың қалауына қарай оның саяси партияға тиесілігі мен ұлты туралы мәліметтерді көрсете отырып, тіркеу туралы хабарды жариялайды.



## ● ТҰТЫНУ НАРЫҒЫ

# Бағаны сұраныс пен ұсыныс реттейді



Бізге нарық экономикасына көшкелі осындай ұғым пайда болды. 500-600 жылдық тарихы бар нарық болмысы мемлекеттің ішінара араласуымен бүгінге дейін осы қағида бойынша өмір сүріп келеді. Бұл түсінік аясы өте қысқа, тауарларға қалыптасатын бағаны қазақша ұғыммен айтқанда, базар реттейді.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,  
«Сыр бойы»

Мамыр айының соңынан бастап біз жергілікті тұтыну нарығындағы тауарлар бағасының қалай қалыптасатынын ұдайы қадағалап келеміз. Бір ғажабы, кейінгі бір жарым ай ішінде базарлар мен ірі сауда орындарындағы маусымдық сипаты басым көкөніс және картоп бағасы едәуір түсті. Өнім жеткізушілердің сөзіне қарағанда, сәбіз бағасы осы аралықта 700 теңгеден 300 теңгеге дейін сырғығанын байқадық. Қызылорда базарларында күні кеше осындай баға қалыптасты.

Ескерте кетейік, бұл сұраныстан гөрі ұсыныстың асып түскенін, яғни оңтүстік облыстардан жеткізіліп жатқан өнімдердің сынайы мол екенін байқатады.

Бұрынғыдай емес, базарлардағы сатушылардың жүз-дәуіре «қан жүгіргенін» сездік. Тауар сатушыларына бағаның жүгенсіз көтерілуі тиімсіз. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Картоп кейінгі бір ай шамасында 300-ден 170 теңгеге, жуа 180-ден 100 теңгеге, бақлажан, болар бұрышы бұрынғы 300-ден 150-200 теңгеге дейін арзан-

дады. Көкөніс, жеміс өнімдері ішінде қысқа уақытта шіенің едәуір арзанданып байқаймыз. Күндізгілік базар сөрелерінде қауым-қарбыздың молдығынан болар, саудалаушылар көп, нарық біршама төмендеген. Осының барлығы оңтүстік өңірдегі дикан қауымының едәуір бейнеттенгенін байқатады.

Арасында үлкен көлікпен келген қарбызды көтерме бағамен саудалаушылардың бағын байқап қалдық. «Сауда сақал сипағанша» дейді, көтерме бағамен саудаласып, ішкі нарықта оны екі есе көтеріңкі бағамен сатып жатқандар бар. Өнім көп болған сайын бұл құбылыс нарыққа оншалықты теріс әсер ете қоймайды. Себебі тұтыну нарығының бағасын бөрібір ұсыныс пен сұраныс реттейді. Ұсыныс бар, демек, сұраныс өз кезегінде бағаны ұсынады.

Тұтынушыларды биылғы сәуір-шілде айларындағы бен-

зин бағасының күрт қымбаттауы алаңдатқан еді. «АИ-92» бензиннің литрі 200 теңгеге жуықтап қалды. Автомобиль газының бағасы 65 теңгеден 85 теңгеге шықты. Бірақ жанармай нарығындағы қымбатшылық сөрелердегі бағаға айтарлықтай ықпал жасай алмады. Бұл біздің пайымдауымызша, өнімнің молдығын білдіреді.

Сол сияқты қаланың «SMALL», «Magnum» сауда орындарындағы маркетингтік жүйенің дұрыс жолға қойылғанын аңғардық. Осыдан екі апта бұрын египеттік картоп сатылған еді. Қазір ол дүкен сөрелерінде жоқ. Демек, оны баға жөнінен жергілікті өнімдер басып кетті. Сырттан келген өнімнің қажеті болмай қалды.

Тұтынушылардың қауіптенгеніндей, әзірге мал өнімдерінің бағасы көтерілмеді. Олар негізінен сол бұрынғы нарық бойынша сатылуда. Біз оны сыыр және жылқы еті павильондарын аралағанда байқадық.

Қазақстанның атқарушы билігі бірінші жартыжылдықтың алдын ала қорытындысын жариялады. Салыстырмалы түрде алғанда, еліміздің ішкі жалпы өнімі 2,2 процентке өсті. Ұлттық банктің сараптауы бойынша инфляция деңгейі 2022 жылдың екінші жартысында бұрынғы белгіленген дәлізде 4-6 процентке қалыптасатын болады. Осының барлығы пандемия салдарынан болған тұтыну нарығындағы қымбатшылықтың «қызуы» біртіндеп қайтатынынан хабар бергендей.

Біздің сараптауымызша, картоп және көкөніс өнімдері бойынша биыл өткен жылдармен салыстырмалы түрде алғанда, арзаншылық болатын сынайлы. Тұтыну нарығындағы бүгінгі ахуалды осылайша сипаттауға болады.



# «БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ»



Мемлекет басшысы шаруаларды жем-шөпке қамтамасыз етуді тағы бір алаңдап отырған мәселе ретінде атап өтті. Оның айтуынша, ауа райының қолайсыздығынан және болжам жасау жұмысының тиімсіздігінен ахуал ушығып кеткен. Бір ғана Маңғыстаудың өзінде 3 мыңға жуық мал қырылып қалған.

– Өкімдіктердің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан дұрыс шешім қабылданбаған. Жүйелі әрі нақты жұмыс атқарылмаған. Соның кесірінен шаруаларымыз тығырыққа тіреліп отыр. Нақты іс-әрекет пен кері байланыс жоқ. Сондықтан фермерлер көмек сұрап, тікелей маған өтініш айтады. Әрине, қуаныштық – табиғи жағдай. Мұны жақсы түсінеміз. Дегенмен, бұл – мәселенің бір жағы ғана. Ең алдымен, осындай күрделі кезеңде тиісті министрлік шұғыл және бағытталған шешімдер қабылдауы 1-бет

қажет еді. Бірақ, министрлік бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра алған жоқ. Сондықтан осы салаға бірден-бір жауапты тұлға ретінде министр Сапархан Омаровтың отставкаға кеткені дұрыс деп есептеймін, – деді Президент.

Жұмыс барысында Үкімет пен өкімдіктерге «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, зиян шеккен фермерлерге қолдау көрсету үшін шұғыл түрде кешенді шаралар әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Мемлекет басшысы тұрғындардың нақты әрі номиналды табысының өсімі азайып, табыс түрлеріндегі өзгерістер де көңіл көншітпейтінін айтты. Сондай-ақ Президент зейнетақы, жәрдемақы және стипендия сияқты әлеуметтік трансфертер арқымен, еңбек табысы азайып бара жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағытта шұғыл әрі ауқымды шаралар қабылдауды тапсырды.

Бұл шаралар еңбек табысы мен кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түсетін табысты арттырып, көпкелі экономиканың ауқымын азайтуға және басқа да бастамаларды қамтуға тиіс.

– Ауылдың ахуалына баса назар аудару қажет. Менің тапсырмам бойынша Жамбыл облысында ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылды. Нәтижесі жаман емес – ауыл шаруашылығы өнімін өндіру екі есеге артты, мал басы 24 процент өсті. Жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алатындар, тіркелмей өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны азайды. Үкімет бұл жобаның ауқымын кеңейту мүмкіндігін қарастыруы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, жол жөндеу жұмыстарының сапасына байланысты айтылатын сындар орынды. Бұл, әсіресе, ақылы

жолдарға қатысты өзекті болып отыр.

– Жуырда алысқа жүк тасымалдайтын жүргізушілер наразылық білдірді. Ақылы жолдарды енгізу – әлемдік тәжірибеге сай дұрыс шешім. Алайда, біз сияқты жер көлемі үлкен елде тек бюджет есебінен жол салу мүмкін емес. Оның үстіне, Қазақстан жүк тасымалына пайда табуы керек. Бірақ ол үшін сапалы жолдар салынып, жол бойында жоғары деңгейде қызмет көрсетуі керек. Бизнес пен азаматтар жол инфрақұрылымының жаңа сапасын сезінуі қажет. Үкімет аталған мәселені ерекше бақылауға алғаны жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Энергетика министрлігі мен «Самұрық Қазына» қорына, соның ішінде, «Қазмұнайгаз» компаниясына жанар-жағармай нарығына ықпал ететін мұнай өңдеу зауыттарындағы

ахуалды қатаң бақылауға алуды, сондай-ақ, Үкіметке Қормен бірлесіп, Атырау мұнай өңдеу зауытының жоспардан тыс тоқтап қалуына байланысты жағдайға кінәлілерді жауапқа тарту жөнінде шешім қабылдауды тапсырды. Қаржылық мониторинг агенттігі мен Есеп комитеті қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында қаржыны жүйелі бақылауға бағытталған астыртын әрекеттердің бар-жоғын тексеріп, оның нәтижесі туралы қыркүйектің басында есеп беруі тиіс.

Жұмыс соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы туралы айтты. Мемлекеттік қызметшілер еліміз үшін осындай сын сағатта жұдырқайтай жұмылып, батыл қадамдарға барып, өздерінің қарым-қабілеттерін көрсетіп, шұғыл шешімдер қабылдауы қажет екенін мәлімдеді.



ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының сапары Қармақшы, Жаңақорған және Сырдария аудандарында жалғасты.

## ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Мәжілістері «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері, Бақытбек Смағұл, Геннадий Шиповских Қармақшы ауданындағы «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жаңғырту жұмыстары жүргізілген Төретам, Ақай елді мекеніндегі электр станциясының жұмысын көрді. Төретам кентіндегі «Ажар Сити» сауда үйінде болып, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын бағамдалды. Көшелерге жасалған орташа жөндеу жұмыстарының сапасын көрді. Аудандағы брусчатка мен тротуарларға арналған плиталар, бордюрлер, пластик есік-терезе шығаратын «Мир-2001» ЖШС құрылыс материалдарын өндіру зауыты жұмысымен танысты. Жергілікті кәсіпкерлермен, ауыл ақсақалдарымен жүздесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Кездесуде кәсіпкерлер тарапынан қойылған сауалдар мен ұсыныстарды тыңдап, шешу жолдарын қарастыруы назарда ұстайтындарын жеткізді.



## САПАР БІРЛЕСКЕН ІСТЕ БЕРЕКЕ БАР

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қуаныштық жағдайына орай егіс алаңтарындағы жұмыс барысын бағдарлау үшін Жаңақорған ауданына барып, бірқатар нысандарды аралады.



Аймақ басшысының жұмыс сапары Жаңақорған ауданындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен танысумен басталды. Бас мерігер «Ныш-Ер» ЖШС директоры Ерболат Төрежановтың айтуынша, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында басталған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы қыркүйек айында аяқталмақ. Аймақ басшысы әлеуметтік нысандардағы жұмысты уақытылы әрі сапалы орындауды тапсырды.

Мұнан кейін Қырқенсе ауылдық округіндегі жастар бригадасының жұмысымен танысты. Ауылдық округ бойынша барлығы 3098 гектар жерге малазықтық дақылдар орналастырылды. Оның 750 гектары – жана жоңышқа, 1816 гектары – ескі жоңышқа, 502 гектары – күздік бидай мен 30 гектары – жаздық бидай. Ал ескі жоңышқаның бірінші ормынан 5 мың тонна шөп жиналды. Қазір «Жасыл ел» жасағы сарбаздары Қырқенсе ауылдық округіне қарасты «Күдірет» шаруа қожалығындағы шөпті өріп, тау беткейінде орналасқан «Ақуыс» ауылдық округінің тұрғындарын қамтамасыз етуде.

Облыс әкімі шөп орағына белесене қатысқан ауыл жастарымен пікірлесіп, қысылтаяң шақта бірігіп, ортақ іске

жанашырлық танытқан бригада мүшелеріне ризашылығын білдірді. Айта кетейік, қуаныштық өткеріп жатқан Арал, Қазалы аудандарына көмек ретінде жем-шөп дайындауға 500-ге жуық екті мен «Жасыл ел» сарбаздары кірісіп кетті. Жастар үшін жатын орын, дала асханасы жасалған.

Аймақ басшысының ауданға сапары Бірлік ауылдық округінде жалғасты. Мұнда

«көгілдір отынды» пайдалануға мүмкіндік алады.

Сапар аясында облыс әкімі Бірлік елді мекеніндегі ауыл ақсақалдарымен де кездесті. Онда ауылдың бірқатар әлеуметтік мәселелері айтылды. Аймақ басшысы қуаныштық кезеңінде көрші аудандарға көмек қолын созып, жем-шөп жинауға ниетті жастарды біріктіруге ақсақалдардың ролі жоғары екенін атап өтіп, ауыл азаматтарымен пікірлесіп.

Мұнан кейін Жайылма ауылдық округіндегі егіс алаңына арнайы барып, еңбеккерлермен кездесті. Ауылдық округке қарасты 13 шаруа қожалығы 550 гектар жерге бақша дақылдарын еккен. Шаруалар бивалы су тапшылығын ескере келе, тау беткейде орналасқан Жайылма ауылдық округінде шахталық көздерді қазып, жерасты су қорын пайдаланып, егін көлемін ұлғайтуда. Мұнан бөлек, «Жидел» шаруа қожалығы 2 көріз арқылы 30 гектар бақша-көкөніс дақылдарын суаруда.

Қазіргі кезде егіс алаңындағы қауын-қарбыз пісіп, сатылғыға шығарыла бастады. Өнімдер елдің өзге облыстарымен қатар, көрші мемлекеттердің нарығына да жіберіледі.

Шаруалардың жұмысын көрген облыс әкімі су ресурстарын тиімді пайдаланып, шаруашылықты әртарапандыру және жергілікті тауар өндірушілерді қолдау жұмыстарына ерекше назар аударуды тапсырды. Сондай-ақ, күрші көлемін азайту, ауыл шаруашылығын әртарапандыру мақсатында майлы, азықтық дақылдарға және бау-бақшаға басымдық беру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін еске салды.

## МӘСЕЛЕ Тәртіпке бағынған құл болмайды

Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы үйреншікті әдетке айналып барады. Тәртібі қиын бала есейген сайын оның ауыр түрін жасауға бейім келеді. Жастар тәртіпсіздікке неге үйір? Күнделікті жаңалықтардан жасөспірімдер жасаған қылмыс туралы жиі естіп жүрміз. Жақынына, тіпті, ата-анасына жәбір көрсеткен жастар жайлы да ашық айтылууда. Жасөспірім оқушылардың қылмысы бой уруына жауапты сала мамандары да алаңдандық білдіріп отыр.

Биылғы істер саны 27,3 процентке көбейген. Сот өндірісіне түскен 22 қылмыстық іс 26 адамға қатысты жүргізілген. Биыл 10 іс бойынша 17 адамға үкім шығарылса, оның ішінде 12 көмелетке толмағандарға қатысты үкім бар. Былтыр 14 іс бойынша 19 адамға үкім шыққан, оның 9-ы – көмелетке толмағандар. Көмелетке толмағандарға қатысты шығарылған үкімдердің саны былтырғы жылмен салыстырғанда 3 адамға көбейгенін аңғаруға болады.

Азаматтық істердің қаралуына келер болсақ, жыл басынан бері сот өндірісінде өткен жылдан қалған 62 азаматтық іс болған. Ал, былтыр 6 айда қалдықта 50 азаматтық іс қалған. 2020 жылы сот өндірісіне 2 азаматтық іс және 246 талап арыз түскен, ал биыл 5 азаматтық іс және 305 талап арыз қабылданған. Бұл жерде де диффрэн өскенін аңғару қиын емес.

Жастар арасындағы қылмыс санын азайту үшін жауапты сала мамандары бірігіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда. Мәселен, көмелетке толмағандар арасындағы

қылмыстың, оның ішінде топтық төбелес, бопсалау, түнгі уақытта заңды өкілдеріңіз көшеге шығу, тұрғын үй-жайлардан тыс аумаққа бару деректерінің алдын алу үшін жедел-профилактикалық шаралар ұдайы өткізіліп келеді. Мектептерде оқушылардың, мектеп инспекторларының, құқық қорғау саласының мамандарының бірігуімен, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуға бағытталған шаралар тұрақты жүргізілуде.

Облыстық көмелетке толмағандардың іс жөніндегі мамандарының ауданаралық сотының төрағасы Қанатбек Абдуллаев биылғы сот өндірісінде қаралған істер жайында кенінен айтып берді.

– Өкімшілік істердің қаралуы бойынша биылғы жылдың 6 айында сот өндірісіне 56 өкімшілік іс түскен болатын. Аталған мерзімде 56 адамға қатысты өкімшілік іс қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Әсіресе, жастар арасында топтық төбелес пен ұрлық көптеп тіркелуде. Мәселен, биылғы жылдың 5 қаңтар күні

қала аумағындағы Титов шағын ауданында көпқабатты тұрғын үйдің алаңында Шанхай шағын ауданының балалары арасында топтық төбелес болған. Салдарынан көмелетке толмаған балалар жаракат алып, кінәлілер жауапқа тартылды. Мұндай іс Қазалы ауданында да тіркелді. Көмелетке толмаған балалардың тәртібі ең алдымен ата-ананың бақылауына байланысты. Отбасындағы тәртіп-тәрбие, ортасының ықпалы да зор, – дейді ол.

Балалық шағын бұлыңғыр етіп, шалыс қадам басқан балалар ертеңі қалай болмақ? Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу үшін не істеу керек? Қалай десе те, қателігін қайталамас үшін қоғам болып, қолдау білдірген жөн-ау. Барлық жауапкершілікті ата-анаға ысырып тастауға болмайды. Себебі ел ертеңі жастар екені белгілі. Олай болса жастардың отбасы тәрбиесінен өзге, ортасынан да дұрыс тәлім алғаны абзал. Олардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортқа, үйірмелерге тарту керек.

Жаз маусымы басталғанда балалар оқудан босайды. Қолы бос, уақыты көп жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы еселене түседі. Жастар арасындағы топтық төбелес, бір-біріне суық қару жұмсау, денсаулығына түрлі деңгейде зиян келтіру, ұрлық жасау, түнгі уақытта ойын-сауық мекемелеріне бару, кісі тонау дерегі азаяр емес.

Елімізде заң бойынша көмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым

салынған. Алайда, бұл тәртіпке бағынған жастар аз. Беймезгіл уақытта компьютерлік орталықтарда ойын ойнаған жасөспірімдер тәртіп сақшысының налене түседі. Жастар көрілуде. Бірақ мәселе шешілер емес. Жасырын киіп, таң бозарғанша уақытын сонда өткізетіндер көп.

Биылғы жылдың 6 айында облыстық көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандарының ауданаралық соттың өндірісіне 22 қылмыстық іс түскен. Ал, өткен жылдың 6 айында соттың өндірісіне 16 қылмыстық іс түсіп, қаралған. Байқап қарасаңыз,

Жаңақорған ауданында депутаттар жаңадан салынып жатқан 300 орындық және жаңадан бой көтерген 600 орындық жаңа мектептердің құрылысымен танысты. Қос мектептің де аудан үшін маңызы зор. Бүгінде МАИ бекетінен 300-ден аса оқушы Жаңақорған кентіндегі мектептерге қатынап оқиды. Ал, №169 мектепте оқушы сыйымдылығына байланысты мәселе бар. Осыған орай қос мектептің ашылуын жаңақорғандықтар асыға күтіп отыр.

Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева құрылысшыларға мектеп құрылысын сапалы жүргізуді әрі әлеуметтік нысанды мерзімінде тапсыру маңызды екенін айтты.

Онан соң, Жаңақорған кентіндегі «Преміум Класс-Строй» ЖШС-ның екі зауытына барды. Зауыт қысы-жазы өнім өндіреді. 60 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Онда тәулігіне 240 тонна әктас өндіріледі. Бүгінде 8 пешке сағатына 1500 текше метр «көгілдір отын» жұмсалады. Егер тағы 1500 текше метр газ алуға мүмкіндік болса, тәулігіне әктас өндіруді 500 тоннаға дейін жеткізіп, қосымша 40 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады. Серіктестік басшысы «көгілдір отынның» қысымын (мөлшерін) арттыруға көмек беруді сұрады.

XX ғасырдың 60-жылдардың аяғында Келінтөбе магистралды каналы іске қосылған, Жаңақорған ауданының халқына халық қосылып, Түткен массивін игеріп, елдің әлеуметтік әлеуеті арта түсті. Сол уақыттан бері дикан қауымына канал қалтқысыз қызмет етіп келгенді. Бірақ кейінгі жылдары Сырдария өзенінде қайыр жерлер көбейіп, судың мөлшері жыл өткен сайын азайып келеді. Бұған халық қатты алаңдаулы.

Ең болмағанда дария суын бір қалыпта ұстап тұратын су тоспасы төрелесе дейді. Шаруа қожалықтары төрағалары Мәжіліс депутаттарына осы мәселені шешіп беруді айтты.

Сондай-ақ, партияның бесжылдық сайлауалды бағдарламасына енген жобаларды жүзеге асырудың маңызы айтылып, оның ішінде, Төменарық ауылдық округіне аурухана салу және т.б. жүзеге асыру жолдары талқыланды.

«Nur Otan» партиясының аудан-

ламасының міндеттері жергілікті жерде қалай жүзеге асырылып жатқанын, өңірлердің өндірістік және ауылшаруашылық әлеуетін арттыру үшін қандай шаралар қабылданғанын, халықтың әлеуметтік мәселелері қалай шешілгенін көзбен көру. Жаңақорған ауданында айтылған әрбір мәселені өз бақылауына алып, тиімді шешілуіне ықпал ететін, – деді Б.Кесебаева.

Сырдария ауданындағы сапар барысында халық қалаулары турғындармен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Парламент қабырғасында талқыланған және қабылданған заң жобалары жөнінде қысқаша ақпарат берді. Өз кезегінде Мәжіліс депутаты Г.Әміревіч көсіпкерлік саласын дамыту, баға өсімінің алдын алу мерзімдерін бағытында пікір білдірді. Депутат азық-түлік өнімдерін сақтау қоймаларының жұмысын ретке келтіру, кәсіпкерлерге берілетін несиелерді жеңілдету, кәсіпін жаңадан бастағандар үшін өкімшілік кедергілерді болдырмау жөнінде нақты мысалдар келтірді. Сондай-ақ жиналысқа қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Жиналысқа қатысушылар ауданның ерекшелігіне сәйкес депутаттар назарына бірқатар отынның» қысымын (мөлшерін) арттыруға көмек беруді сұрады.

XX ғасырдың 60-жылдардың аяғында Келінтөбе магистралды каналы іске қосылған, Жаңақорған ауданының халқына халық қосылып, Түткен массивін игеріп, елдің әлеуметтік әлеуеті арта түсті. Сол уақыттан бері дикан қауымына канал қалтқысыз қызмет етіп келгенді. Бірақ кейінгі жылдары Сырдария өзенінде қайыр жерлер көбейіп, судың мөлшері жыл өткен сайын азайып келеді. Бұған халық қатты алаңдаулы.

Ең болмағанда дария суын бір қалыпта ұстап тұратын су тоспасы төрелесе дейді. Шаруа қожалықтары төрағалары Мәжіліс депутаттарына осы мәселені шешіп беруді айтты.

Сондай-ақ, партияның бесжылдық сайлауалды бағдарламасына енген жобаларды жүзеге асырудың маңызы айтылып, оның ішінде, Төменарық ауылдық округіне аурухана салу және т.б. жүзеге асыру жолдары талқыланды.

«Nur Otan» партиясының аудан-



ҚАЗАҚ РАДИОСЫ – 100

ҚАЙДАСЫҢ, ҚЫЗЫЛОРДА РАДИОСЫ?



«Қазақ радиосы» биыл 100 жыл тойды...

«Қазақ радиосы» биыл 100 жыл тойды. Сонау 1921 жылы ҚазКСР Халық комиссарлары кеңесінің шешімімен жер-жерге хабар тарата бастады.

Ү.Әлжанов, Ж.Қожабергенов, Б.Шайманов, О.Мақсұтұлы, Ж.Аманов, Н.Рахметова, Р.Нұржанова, А.Шалғынбаева, А.Ысқақова, Б.Бердібаев, Х.Сержанова, Е.Ыдырысов, Қ.Ботаев, К.Ермбетов, Г.Құлмұратова, Н.Жұмабаева, Г.Жанұзақова секілді радио журналистерінің елеулі еңбегін көпшілік әлі ұмыта қойған жоқ.



Мейірімді жүзінен тамған нұр әлі күнге дейін бізді жылытып тұрғандай. Телерадио тарлауының Сыр бойы журналистикасының дамуына сіңірген еңбегіне ешқашан көлеңке түскен емес.

Иә, бір ғасыр бұрын қоғамға серпіліс әкелген «Қазақ радиосы» – бүгінде еліміздің ең ірі ақпарат жүйесі.



«Қазақ радиосының» білікті мамандары Қасымхан Ерсарин, Нұрхамет Жорабеков, Рысты Нұсіпова, Мелдәбек Айтбаев, Иманбай Жұбаев, Нұржан Мұхамеджанова, Кенжебай Жармұхамедовтармен бірге қызметтес болғанымды мақтанып айтар едім.

«Менің бір байқағаным, радиодағы тілшілік қызмет адамды ашады, оны белсенді етеді. Біздің облыстық радиода қызмет етіп, кейін белгілі қаламгер, қоғам қайраткерлері болғандар аз емес.

Деректерге сүйенсек, «Қазақ радиосында» әр жылдары қызмет еткен Әміре Қашаубаев, Ахмет Жұбанов, Шәмші Қалдаяқов, Әнуарбек Байжанбаев, Мұқағали Мақатаев сынды біртуар тұлғалардың дауыстары радионың «Алтын қорында» сақталған.

Облыстық радиого келгеніме көп бола қоймаған, сол 2003-2004 жылдары «радио жабылады» дегенді естіп, аймақтағы сала ардагерлерімен жедел сұхбаттар дайындап, мәселе көтерген едік.

Мен 1994 жылдың соңында Қызылорда радиосында іштаттан тыс қызмет етіп жүрдім де 1995 жылдан бастап арнайы бұйрықпен қабылдандым.

«Телевизиға келу үшін алдымен радиода қызмет ету керек» деген қағида болатын. Бұл рас еді. Телерадио саласының майталман мамандары Ж.Бекхожаев, Е.Шілдебаев, Б.Шайманов, В.Хрянин сияқты журналистерден көп тәжірибе алдым.

Іә, біздің бала күнімізде әрбір үйде радио болатын. Таң атқаннан түн ортасына дейін үздіксіз хабар беріліп жататын.

Реті келгенде айта кетейін, халқымызға көп жылдар тамаша қызмет еткен осы радиого еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін теріс қарағанымыз дұрыс бола қойған жоқ.

Облыстық радио және телевизия саласының журналистері туралы айтқанда, есімі елдің жайында калған талантты қаламгерлердің көпшілігі бүгінде арамды жерде.

Қырық күн өтті қабырғамыз қайысып



Қызылорда қаласының тұрғыны, есімі көпке белгілі азамат, аулы әкеміз Тәнірберген Барзуулы Мәліковтің өмірін өткеніне де қырық күн толды.



Әкеміз апыс жыл өмірінде артында жақсы атын, ізгі бейнесін, ағайынға деген адалдығын, өшпес үлгі-өнегесін қалдырды.

Ғыштай қорып, ұжымына белделіп беруге атсалысты. Еңбегі еленіп, өз саласының, облыс, қала басшылығының Алғыс хаттарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Жатқан жеріңіз жұмақ бақшасынан болмай, жан әке. Алланың қалауымен ағамыз екеуіңіз бізді, айты перзентті өмірге әкеліп, тәрбиелеп, білім алуымызға, аяғымызды нық басып, қатарға қосылуға жасаған ұшан-теңіз еңбектеріңізге өмір бойы қарыздармыз.

Жаныңыз болсын жәннатта



Жүруші едің ортамызға өң беріп, Ұл-қыздың ай мен күнге теңгеріп, Өзінді елестете берейі. Өзің жазған өмір бойы күнделік.

Отбасымыздың тірегі, саялы бағымыздың бәйгегі, әкеміз Төре Әнесұлы 69 жасында осыдан 40 күн бұрын жалған өмірдегі демі таусылып, бақи бағиындағы шын өміріне аттанып кеткен болатын.

Марқұм әкеміз өмір жолында үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарап, көпшілік ықыласына бөленіп өскен жан еді. Әлі сене алар емеспіз, суретіңізге қарап, сағыныштан жанарымызға ұялаған жасты әрең тоқтатамыз.

Әке алудышылар: Әнесовтер әулеті

Олимпиада көрерменсіз өтеді. Олимпиада ойындарының ұйымдастырушылары көрермендерді Жапонияның астаналық аймағындағы олимпиадалық іс-шараларға жібермеу туралы шешім қабылдады.

Аю басы аукцианда ұтылды. Christie's аукционында Леонардо да Винчи салған аю басының нобайы сатылды. Оны 8,9 миллионға (шамамен 12,3 млн АҚШ доллары) сатып алды.

Вакцина. Миллион доллар! Төрт баланың анасы, қолдоралық Хейди Рассел COVID-ке қарсы вакцина салғандар арасындағы лотереядан миллион доллар ұтып алды.

Конкурс өткізу жөнінде хабарландыру. «Байқоңыр» ӘКК АҚ Қызылорда қаласы аумағынан 4 әлеуметтік дүкенді өтеусіз пайдалануға беруге конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу жөнінде хабарландыру. Облыстық ішкі саясат басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Қызылорда» газетінің аға тілшісі Қанатбек Махановқа інісі Мараттың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТАҒЫМ

Білім нұрының жарығы

Әр бастаманың нәтижелі болуы оның басындағы азаматтардың іс-әрекетімен өлшенбек. Игіліктің ұйтқысы бола білген, тіршілігіне кісі қызығар, пайым-парасатына жан сүйсінер текті тұлғалар, зиялы қауым өкілдері, рухани болмысы биік, жастарға үлгі боларлық габриаты мол, халқымыздың мақтанышына айналған жандар туралы қанша мақтау айтсақ та жарасады емес пе?! Елге қызмет етіп, биік белеске көтеріліп, жетістікке жеткен жандардың еңбегін кейінгі ұрпақ білгені жөн.



Парасатымен, беделімен, білім-білігімен қалың жұрттың сыйлы болған асыл азаматтың бірі Бақытжан Бекішев еді. Ол еңбек жолын соғыс жылдарында «Қазир» ауылының бастаушы мектебінде мұғалім болып бастаған.

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің меңгерушілігін атқарған жылдары тіл мамандарының тәжірибесін тарату, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту мәселесіне айрықша көңіл бөлетінін, облыстық, республи-

калық ғылыми-практикалық конференция, семинарлар мен педагогикалық оқулар өткізудің бастамашысы мен ұйымдастырушысы, шын мәнінде тіл жанашыры болды. «Педагогикалық озық тәжірибелер мектеп өміріне енгізу», «Сабақ көркем творчествосы», «Драмалық шығарма мектеп сахнасында», «Қос тілділік – қайта құру талабы», «Көркем шығарманы талдау – әдеби-теориялық білім көзі», «Ұлағатты ұстаз» тақырыптарында озат мұғалімдердің іс-тәжірибелерін облыс мектептеріне таратуға да елеулі үлес қосты.

Жанат ҚОМЕКБӘЕВА



